

Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 286 "2016 жылға халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 308 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 қаңтарда № 6133 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 сәуірдегі № 132 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 15.04.2016 № 132 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Таран ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 18 қарашадағы № 286 "2016 жылға халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6059 тіркелген, 2015 жылғы 24 желтоқсанда " Маяк" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 2), 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма тоғыз жасқа дейінгі балалар;"

1-тармақтың 15) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Өтеулин